

930.15845

**1895-1905 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДА СЫРДАРИЯНЫҢ ОРТА
АҒЫСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ
ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР**
STUDY OF ARCHAEOLOGICAL MONUMENTS OF THE MIDDLE
REACHES OF THE SYRDARYA BETWEEN 1895-1905 YEARS

Мәлс БАХТЫБАЕВ*

Түйіндеме

XIX ғ. екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан өңірінде, оның ішінде Сырдарияның орта ағысында орналасқан археологиялық ескерткіштерін зерттеу жұмыстары орталықта орналасқан (Санкт-Петербург, Мәскеу және т.б.) ғылыми ұйымдар тарапынан атқарылған болса, 1895 жылдан бастап осы өңірде орналасқан ескерткіштерді есепке алу, сипаттап жазу, топографиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу, өлшемдері мен жобаларын түсіру жұмыстарын Ташкент қаласында құрылған Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі атқарды.

Үйірме мүшелері Н.П.Остроумов, Е.Т.Смирнов, Н.Руднев, В.П.Колосовский, П.А.Комаров, А.А.Черкасов, А.К.Кларе және т.б. Сырдарияның орта ағысында орналасқан археологиялық ескерткіштерін зерттеуге үлкен мән беріп, атқарған зерттеу нәтижелерін өз отырыстарында баяндап отырды. Баяндамалар, айтылған пікірлер, мәжіліс қорытындылары үйірменің арнайы жинақтарында орын алды.

Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мүшелерінің еңбектері ғылыми әдебиетте кеңінен кездескенімен, олар негізінен анықтама ретінде қарастырылып, олар атқарған ауқымды ізденіс жұмыстары жайлы зерттеулер жоқтың қасы болып отыр.

Бұл мақалада біз Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің Сырдарияның орта ағысында орналасқан ескерткіштерінде жүргізілген зерттеу жұмыстарын қарастырамыз.

Түйін сөздер: үйірме, Сырдария, ескерткіш, қалашық, орта ғасыр.

Summary

This article discusses the history of the study of archaeological monuments of the middle reaches of the Syrdarya and the adjacent territory of a Member of the Turkestan mug lovers of archeology.

Key words: circle, Syrdarya, monument, town, the medieval age.

* Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, Түркістан-Қазақстан.
International Kazakh-Turkish University, Research center of Archaeology, Senior Researcher, Turkestan-Kazakhstan. E-mail: melsb@mail.ru

1897 жылы Сырдарияның төменгі және орта ағысында орналасқан көне ескерткіштерді зерттеу мақсатымен үйірме мүшесі Е.Т.Смирнов осы өңірде болып, өзінің «Древности на среднем и нижнем течении р.Сыр-Дарьи» атты мақаласында Сырдария өзенінің ежелгі және орта ғасыр кезеңдерінде қалай аталғанына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, Е.Т.Смирнов осы өңірдің қысқаша тарихына тоқталып, Сыр бойында орналасқан көне қалалар туралы жазба деректер аз болғандықтан тек археологиялық деректерге сүйенуге мәжбүр болғанын алға тартады. Ол Сырдария бойында орналасқан археологиялық ескерткіштер жайлы өз пікірін дәйектеу үшін, осы өңірде болып өткен белгілі тарихи оқиғамен байланыстыруды жөн көрді. Осы мақсатпен ол Шыңғысханның Орта Азияға жасаған жорығы жайлы мәліметтерді келтіре отырып, жаулап алынған аймақтарда орналасқан ортағасырлық қалаларды атап өтті. Олардың қатарында Отырар, Бинакен, Ходжент, Нұрата, Сығанақ, Жент және т.б. қалалар бар.

Е.Т.Смирнов көне ескерткіштер негізінен Сырдария өзенінің бойында, Арыс өзенінің оң жағасы мен Бөген, Шаян, Арыстанды өзендері аралығындағы жазықтықта орналасқандығын, ортағасырларда бұл өңірдің оңтүстік бөлігі үлкен Арыс-Бөген суландыру жүйесімен, ал Отырар қаласы Арыс өзенінен бастау алған канал арқылы суландырылғанын жазды. Сырдарияның сол жағалық жазығында көптеген төбелер, бекініс орындары мен ескі суландыру жүйесі барлығын, олардың ішінде, көлемі жағынан үлкен Қауған, Артық, Құмиян және Мейрам қалашықтары мен елді мекендер болғанын атап көрсетті. Сонымен қатар, қазіргі кезде Қаратаудың теріскейінде Созақ пен Шолаққорған айналасында көптеген елді мекендер орындары барын атап, онда күйдірілген кесектерден салынған құрылыстар барын жазды [1].

1899 жылы Н.В.Руднев Сырдарияның сол жағасымен жүріп, Шардара бекінісінен бастап Үш Қайық өткеліне дейінгі аралықты зерттеді. Ол Шардара маңында бірнеше топтардан тұратын төбелерді (Мың төбе) ашып, мұндай обалар тек Шардара бекінісі мен Ұзын Ата деп аталатын жерге дейінгі аралығында кездесетіндігін жазды. Ал, Ксты (Қысты) деп аталатын жер мен Үш Қайық өткеліне дейінгі аралықта он бір көне қалашық орналасқанын атап өтті. Олардың қатарында: Ксты (Қысты), Ұзыната, Сүткент, Байрамқұм, Ичкеле (Ешкілі), Жартөбе, Рабат, Қалғаната, Артықата, Раздыата және Оқсыз аталады. Н.В.Руднев: «...бұл атаулардың ішінде көне, бұрыннан келе

жатқан атау тек қана Оқсыз атауы болып табылады» деп жаңсақ пікір айтты және басқа атаулар кейінгі кезеңдерде өзгергендігін алға тартты [2].

Қалашықтардың төңірегі бұзылып тегістеліп кеткен, тек қана арықтар іздері ғана байқалады. Ашылған ескерткіштердің тек қана цитадельдері мен ішкі құрылыс жобалары жақсы сақталған. Негізінен цитадельдер қалашықтардың шетіне орналасқан үлкен төбе, әдетте биіктігі 10-25 сажень болып келеді. Қала ішіндегі тұрғын үй кварталдарының құрылымы төртбұрышты, тіктөртбұрышты және шеңбер тәрізді болып келген. Қалалар айналдыра кесектен өрілген қамалмен қоршалған, олардың сыртында оры болған. Қамал құландыларында қақпа іздері де байқалады. Н.В.Руднев сонымен қатар, жергілікті тұрғындар Қысты, Артықата, Қауғаната және Оқсыз қалашықтарын қазып, осы жерде орналасқан құрылыстар құландыларын бұзып, күйдірілген қыштарын алып кеткендігін жазады [2].

Н.В.Руднев аталған қалашықтардың ішінде көлемі жағынан үлкені Қаракөл көлінен 2 верст қашықтықта орналасқан Сүткент қалашығы деп, оның сипаттамасын берді. Жобасында көп бұрышты болып келген, қала айналдыра қамалмен қоршалған. Қалаға кіретін төрт қақпаның ішінен мұнара ізі бар батыс қақпа ғана жақсы сақталғанын, оның қабатында сыртын айналдыра ормен қоршаған цитадель орналасқанын атап өтеді. Қақпалардан қала орталығына қарай баратын және сол жерде тік қиылысатын екі көше болғанын жазып, ол Сүткент қалашықтың жобасын түсірді.

Н.В.Руднев осы қалаларға келетін жолдар бойында да негізгі арықтардың Сырдан бастау алатын жерінде де және Сырдың Қызылқұмға қарайтын бетінде де төртбұрышты болып келетін шағын бекіністер мен қалалар арасында көптеген қарауылтөбелер орналасқанын атап өтті [2]. Сонымен қатар, Н.В.Руднев Оқсыз қалашығының маңында шағын көлемді қазба жұмыстарын жүргізіп үй құрылыс құландыларының бірінде жерленген адам сүйегін апты.

Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі Арыстың Сырдарияға құяр жерінде орналасқан ортағасырлық Отырар қалашығын зерттеуге ерекше назар аударып, онда қазба жұмыстарын жүргізіп, қалашықтың зерттелуіне сүбелі үлес қосты. Алғашқылардың бірі болып 1898 жылы үйірме мүшесі И.Т.Пославский Отырартөбе мен оның айналасында орналасқан шағын төбелерді зерттеп, тарихи топографиясына сүйене отырып Отырар қаласы үш бөліктен – бекініс,

қала және оны қоршаған шаруашылық аймақтан тұратындығын, ал оның сыртында бау-бақша болғанын атап өтті. Сондай-ақ, ол Отырартөбеден бірнеше шақырым жерде, Арыс өзені бойында орналасқан басқа бір көне қалашықтың ескі қорымы бар екендігін және ол жерде Арыстан баб жерленіп үстіне кесене салынғанын жазып кетті [3].

1899 жылы үйірме мүшесі Н.С.Лыкошин өзінің «Догадки о прошлом Отрара» атты мақаласында Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде орналасқан Отырартөбе қаласының сипаттамасын беріп, оның пайда болу тарихына тоқталды. Ол Мухаммад Наршахидың «Бұхара тарихы» атты еңбегінде келтірілген деректерге сүйене отырып Отырар қаласын орғасырлық жазба деректерде кездесетін Хамукет (Хамукат) қаласына баламалап, қате жіберді [4]. Сонымен қатар, И.Т.Пославский және Н.С.Лыкошин да қала орнының сыртқы жағында қабырғалары күйдірілген қышпен қаланған жер асты жолдары барын, оны көмбе іздеушілер қазғанын атап өтті.

1903 жылы үйірменің вице-президенті Н.П.Остроумовтың тапсырмасымен А.А.Черкасов пен А.К.Кларе Отырартөбе қалашығында болып, ескі қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде құрылымы дұрыс емес бесбұрыш болып келетін қамал орналасқанын жазады. А.А.Черкасов төбенің топографиясына сүйене отырып, цитадельдің үш қақпасы (оңтүстік-шығыс, оңтүтік-батыс және солтүстік бөлігінде) болғанын және бұл қақпалар цитадельді (бекіністі) үш бөлікке бөлетінін атап өтті. Сонымен қатар, А.А.Черкасов төбе үстінен жинап алынған ыдыс сынықтарын суреттеп жазып, Отырар қалашығының орталық бөлігінің жобасын түсірді.

Осы сапарында А.А.Черкасов Отырар қалашығының төңірегінде үлкенді-кішілі арықтар (каналдар) орналасқанын жазып, осы өңірде көптеген төбелер кездесетінін және олардың өз атаулары бар екенін атап өтті. Бұл төбелер солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле екі қатар болып орналасқанына тоқталады. Олардың бірі Қаратаудан басталып Отырар қалашығының батыс жағынан - Арыс өзенінің сол жағасымен; ал екіншісі - Түркістанның шығыс жағынан басталып Отырардың шығыс жағымен - Арыс өзенінің оң жағалауымен өткенін жазады. Батыс тармағында - Джумалак-той-төбе, Үштөбе, Жалғызтөбе, Отырабад, Мәслихат, Алтынтөбе, Арыстанбаб, Пышақшытөбе, Арыс өзенінің арғы бетінде Үлкентөбе, Мардан, Жетітөбе, Берден, Сеткин және Бесқарақұм төбелері, ал шығыс тармағында - Қарауыл, Қисық, Майтөбе, Джамана, Ақтөбе 1, Ақтөбе 2, Жалпақ, Чакчакой, Жетітөбе,

Айдарны, Арыс өзенінің арғы бетінде Қаракүнгір, Ақтөбе 3 және Ишым төбелері бар екенін атап өтті [5]. Өкінішке орай, бірқатар төбелердің атаулары қате жазылып, орналасу жері нақты анықталып берілмеген. Сол себептен олардың орналасқан жерін, қазіргі атауын анықтау қиынға түсіп отыр.

А.К.Кларе «Древний Отрар и раскопки, произведенные в развалинах его в 1904 году» атты мақаласында Отырар қаласы жайлы жазылған жазба деректерге сүйене отырып оның тарихына және төбеде жүргізген қазба жұмыстарына кеңінен тоқталды.

1904 ж. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің тапсырысымен А.А.Черкасов пен А.К.Кларе Отырартөбенің орталық бөлігінде қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстары Орта және Шығыс Азияны зерттеу жөніндегі Орыс комитеті тарапынан қаржыландырылды. Археологиялық қазба траншея тәсілімен жүргізіліп, №1 траншея үш қақпадан келген жолдардың түйіскен жеріндегі төбешік үстінен салынды. Қазба жұмыстары барысында қыштан төселген еден, тандыр, ташнау орындары ашылып, тас диірмендер, темір балта, бояулы ыдыс сынықтары, 2 күміс, 6 мыс теңгелер, мыс қоңырау, алқа, 2 тастан жасалған ядролар және т.б. заттар табылды [6].

1901 жылдың 11 желтоқсан күні өткен үйірме отырысында В.П.Колосовский «В Каратавских горах Чимкентского уезда» атты баяндама жасап, атқарған зерттеулеріне кеңінен тоқталды.

Үйірме мүшесі В.П.Колосовский Қаратаудың солтүстік бөлігінде іс-сапармен болып, Құмкент, Саудакент және Бабаата құландыларын сипаттап жазды. Құмкент қалашығы ауқымды жерде орналасқанын, айналдыра қамалмен қоршалғанын және цитаделі орталық бөлігінде орналасқанын атап өтті. Осы жерде орналасқан жобасында төртбұрышты болып келген екі күйдірілген қыштан салынған құрылыс құландылары қақпа мұнараларының орнын көрсетеді деп пайымдайды [7]. Сонымен қатар, В.П.Колосовский Саудакент қалашығында болып, ол Құмкент қалашығынан 30 верст шығыста орналасқанын баяндайды. Саудакент Құмкентке қарағанда әлдеқайда үлкен екендігін, оны айналдыра биік жал мен ор қоршағанын және оның сыртында жеке тұрған тағы бір қорғаны болғанын атап өтті. В.П.Колосовский қамал (қала) ішінде орналасқан төртбұрышты құрылыс екінші цитадель немесе жергілікті патшаның кешкі сарайы болуы мүмкін деген пікір айтты [7].

Саудакент пен Құмкент қалашықтарын көрген соң

В.П.Колосовский Бабаата қалашығында болып, оның орналасқан жерінің топографиясына қарай, - «По конфигурации местности город не мог быть велик и скорее представлял из себя укрепленный замок» [7], - деп пайымдап, қазіргі таңда бұл жерде тек мұнарасы бар төртбұрышты құланды сақталғанын атап өтті.

1905 жылдың тамыз айында П.А.Комаров пен Ф.С.Шпотин Боралдай өзені бойын аралап, осы өзенге Теректі өзенінің құяр жерінен жоғары, Қаратастыбұлақ пен Қызылбұлақ ортасындағы суайрықтағы жартастарда салынған суреттер мен жазулар орнын ашып зерттеді. Жартастарда жылқы, арқар, бұғы, ит, қасқыр (жыртқыш) және адам бейнелері кескінделген. Олардың ішінде, арқарды садақтан атып жатқан атты садақшылар мен арқардың жолын бөгеген ит бейнелері аң аулау көріністеріне жатады [8]. Сонымен қатар, П.А.Комаров жартастарда кескінделген таңбалар орхон немесе қазақтардың таңбаларына ұқсастығын, ал жартасқа салынған суреттер Саймалытаста салынған суреттерге ұқсас екенін жазды. Сонымен қатар, П.А.Комаров жекелеген жартастардағы таңбалардың көшірмесін алды [8].

Қорыта келгенде, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің Сырдарияның орта ағысында атқарған ізденістері ауқымды болып, бірқатар ескерткіштерді ашып, сипаттамасын беріп, орналасқан жерін анықтап, есепке алды және зерттеу жұмыстарын жүргізіп оларды ғылыми айналымға енгізді. Зерттеу жұмыстары барысында заттай деректер жинақталып, қалашықтардың тарихи топографиясы толық сипатталып жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Смирнов Е.Т. *Древности на среднем и нижнем течении р.Сыр-Дарьи* // ПТКЖА, II. -Ташкент, 1897. с.5-6
2. Руднев Н. *Следы древних городов по Сыр-Дарье* // ПТКЖА, V. -Ташкент, 1900. - с.57-60.
3. Пославский И.Т. *Развалины гор. Отрара*. // ПТКЖА, III. -Ташкент, 1898. -250 с. (приложение к протоколу от 11 декабря 1898 г.). - с.236-238.
4. Лыкошин Н.С. *Догадки о прошлом Отрара*. // ПТКЖА, IV. -Ташкент, 1899. - с.171-174.
5. Черкасов А. *Поездка на развалины Отрара* // ПТКЖА, VIII. -Ташкент, 1903. - с.71.
6. Кларе А. *Древний Отрар и раскопки, произведенные в развалинах его в 1904 году* // ПТКЖА, IX. -Ташкент, 1904. -с.33.
7. Колосовский В.П. *В Каратавских горах Чимкентского уезда (Археологическая заметка)* // ПТКЖА, VI. -Ташкент, 1901. -с.89-94.
8. Комаров П.О *Боралдайских письменах* // ПТКЖА, X. -Ташкент, 1905. -с.23-24.